

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің органдары жүйесінің азаматтық қызметшілері лауазымдарының тізілімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 698 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 17 тамыздағы № 447 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 20 қазанда № 14348 болып тіркелді

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің органдары жүйесінің азаматтық қызметшілері лауазымдарының тізілімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 698 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12971 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 24 ақпанда жарияланған) бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің органдары жүйесінің азаматтық қызметшілері лауазымдарының тізілімінде: мына:

«

C2		Әкімшілік функцияларды орындайтын біліктілігі жоғары деңгейдегі мамандар : ветеринарлық дәрігер, барлық мамандықтар инженері, бағдарламалаушы, аудармашы
C3		Әкімшілік функцияларды орындайтын біліктілігі орташа деңгейдегі мамандар : ветеринарлық фельдшер, барлық мамандықтар инженері, бағдарламалаушы, аудармашы, зертханашы

»

деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

«

C2		Әкімшілік функцияларды орындайтын біліктілігі жоғары деңгейдегі мамандар: бухгалтер, экономист, кадр жөніндегі инспектор, ветеринарлық дәрігер, барлық мамандықтар инженері, бағдарламалаушы, аудармашы
C3		Әкімшілік функцияларды орындайтын біліктілігі орташа деңгейдегі мамандар: бухгалтер, экономист, кадр жөніндегі инспектор, ветеринарлық фельдшер, барлық мамандықтар инженері, бағдарламалаушы, аудармашы, зертханашы.

».

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кадр қызметі департаменті (Омарова Г.А.) заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны ресми жариялауға мерзімдік баспа шығарылымға және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жіберілуді;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде орналастыру үшін жіберілуін;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Қаржы министрі

*Қазақстан Республикасының
Б. Сұлтанов*

« К Е Л І С І Л Д І »

*Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрі*

Т. Дүйсенова

2016 жылғы 20 қыркүйек